

Жастар және әлеуметтік желі: мүмкіндік пе, әлде тәуелділік пе?

Қазіргі заманда әлеуметтік желісіз өмірді елестету қиын. Instagram, TikTok, Telegram, YouTube – жастардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Бір қарағанда, бұл платформалар – ақпарат пен мүмкіндік көзі. Алайда оның екінші жағы да бар.

Ең алдымен, әлеуметтік желінің пайдасына тоқталсақ. Бүгінде жастар білімді тек кітаптан ғана емес, интернет арқылы да алады. Онлайн курстар, пайдалы парақшалар, мотивациялық контент – барлығы өзін-өзі дамытуға жол ашады. Сонымен қатар, әлеуметтік желі арқылы кәсіп бастап, табыс тауып жүрген жастар да аз емес. Бұл – цифрлық дәуірдің үлкен жетістігі.

Алайда мәселенің екінші қыры – тәуелділік. Көптеген жас уақытын тиімсіз өткізіп, виртуалды әлемге шамадан тыс байланып қалады. Шынайы қарым-қатынас азайып, бос уақыттың басым бөлігі телефонға жұмсалады. Психолог мамандардың айтуынша, әлеуметтік желіге тәуелділік адамның психологиялық жағдайына әсер етіп, өз-өзіне сенімсіздік тудыруы мүмкін. Әсіресе, басқа адамдардың «мінсіз» өмірін көріп, өзін салыстыру – жастар арасында жиі кездесетін құбылыс.

Тағы бір маңызды мәселе – жалған ақпараттың таралуы. Әлеуметтік желіде тексерілмеген деректер тез таралады. Бұл қоғамда түсінбеушілік пен жалған пікір қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан әрбір қолданушы ақпараттық сауаттылықты меңгеруі тиіс.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желі – құрал ғана. Оны қалай пайдалану әр адамның өз қолында. Егер біз оны білім алу, даму және пайдалы байланыс орнату үшін қолдансақ, ол – мүмкіндік. Ал уақытты бос өткізу мен тәуелділікке әкелсе, ол – қауіп. Сондықтан жастар саналы таңдау жасап, цифрлық мәдениетті қалыптастыруы қажет.

Серік Гүлсана Ерзатқызы